

**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

**2026 жылғы сәуір айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2026 ЖЫЛ

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша сәуір айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Сәуір айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2026 жылдың сәуір айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы.....	8
Сәуір айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2026 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Сәуір айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2026 жылы Қазақстан аймақтары бойынша сәуір айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2026 жылдың сәуір айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	13
Батыс Қазақстан облысы	13
Атырау облысы	14
Маңғыстау облысы	15
Ақтөбе облысы	16
Қостанай облысы	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы	19
Павлодар облысы	20
Ұлытау облысы	21
Қарағанды облысы	22
Абай облысы	23
Шығыс Қазақстан облысы	24
Қызылорда облысы	25
Түркістан облысы	26
Жамбыл облысы	27
Алматы облысы	28
Жетісу облысы	29

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекенжайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз:

010000, Астана қ. Мәнгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталық директоры:

М. Шмидт, тел. 8(7172) 79-83-87

Ауа райын ұзақ мерзімді болжау басшысы:

Ж. Исабекова, тел. 8(7172) 79-83-95

Құрастырған АРҰМББ 1 санатты инженері: Қ. Шаяхметов
тел. (7172) 79-83-95

Аударған: АРҰМББ жоғары санатты техник: Л. Смагулова

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша сәуір айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Сәуір - Қазақстанның барлық жерінде көктемнің нағыз басталатын уақыты. Сәуір айында күн тез ұзарып, көкжиектен жоғары көтерілген күн жер бетіне жылуды таратады. Жылудың одан әрі жиналуы жүреді.

Ауаның орташа айлық температурасы наурызбен салыстырғанда, сәуір айында республиканың басым бөлігінде 7-9°C-қа, шығыс тауларында 5°C-қа жоғары болады. Ауаның орташа айлық температурасы барлық жерде (Қазақстанның шығысы мен оңтүстік-шығысындағы таулы аудандардан басқа) оң шамада болады және солтүстік облыстарда +1+5°-тан, қиыр оңтүстікте +9+16°C-қа дейін өзгеріп отырады.

Өте суық жылдары орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстік бөлігінде -4-6°-қа дейін, ал оңтүстігінде +6+11°C-қа дейін төмендеуі мүмкін. Абсолюттік минимум солтүстік және шығыс облыстарында -15-20°C, республиканың қиыр оңтүстігінде -6-10°C дейін жетуі мүмкін.

Өте жылы жылдары ауаның орташа айлық температурасы солтүстікте +8+10°C-қа дейін, республиканың оңтүстігінде +18+22°C-қа дейін жоғарылауы мүмкін. Бұл жылдары ҚР басым бөлігінде абсолюттік максимум +29+34°C, ал Қазақстанның оңтүстігінде +35+39°C жылыға дейін жетеді. Максимумды жоғары ауаның температурасы Қазақстанның солтүстігінде +25°C градустан жоғары 10 жылда 2-3 рет қайталанады, республиканың оңтүстігінде +30°C градустан жоғары температура 10 жылда 5-6 рет байқалады.

Республиканың солтүстігінде ауаның орташа тәуліктік температурасы 0°C арқылы оң мәндерге тұрақты өтуі республиканың солтүстігінде сәуірдің бірінші онкүндігінде болады, ал үшінші онкүндікте ол +5°C-тан өтеді. Бірінші онкүндікте Қазақстанның оңтүстігінде ауаның орташа тәуліктік температурасының +10 °C арқылы өтуі болады. Кейбір жылдары ертерек және кейінгі кезеңдерге қарай 2-3 аптаға ауысу мүмкін.

Наурызға қарағанда, бұл айда жауын-шашынның мөлшері көбейеді. Республиканың көптеген бөлігінде 15-35 мм, шығыс облыстарының кейбір жерлерінде 50-90 мм, оңтүстік пен оңтүстік-шығысындағы тау беткейлі және таулы аймақтарында 100-150 мм дейін жауады. Шөлді аудандар мен ірі суаттардың жағалық аймақтарында жауын-шашын 6-13 мм жауады. Кейбір жылдары жауын-шашынның мөлшері өте аз мөлшерден 4-5 есе көп шамаға дейін ауытқуы мүмкін. Жауын-шашынның ең көп мөлшері солтүстікте 50-85 мм, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы және тау беткейлі аудандарында 200-250 мм дейін жетеді.

Жауын-шашынның тәуліктік мөлшері 20-30 мм, тау беткейлі және таулы аудандарда 40-60 мм дейін жетеді, ал 100-ден асатын мөлшер Т. Рысқұлов-та (Түркістан облысы) 1932 жылы 122 мм жауды. Жауын-шашынды күндердің саны орташа есеппен солтүстік облыстарда 6-8, оңтүстік аудандарда 4-5, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау беткейлі және таулы аймақтарында 10-12 күн және одан көп болады. Кейбір жылдары олардың саны 2-3 есе көп болады. Солтүстік облыстарда және таулы аймақтарда қарлы күндер саны 3-4, ал кей жылдары айына 12-14 күнге

дейін жетуі мүмкін. Қазақстанның оңтүстігінде сәуірде қар жаууы мүмкін, бірақ сирек, орта есеппен алғанда 10 жылда 1-4 рет, ал кейбір жылдары айына 1-3 ретке дейін жаууы мүмкін.

Қазақстанның барлық аймақтарында күн күркіреуі мүмкін, бірақ солтүстік облыстарда күн 10 жылда 2-4 рет күркіреді. Оңтүстік облыстарда күн жыл сайын дерлік және орта есеппен 2-4 рет, ал кейбір жылдары 7-9 ретке дейін жетеді.

Тұман көбінесе Қазақстанның солтүстік бөлігінде байқалады, онда тұманды күндер саны орта есеппен 2-5-ке жетіп, оңтүстікке қарай олардың қайталануы сирейді.

Сәуір айында бұрқасын сирек құбылыс, бірақ кейбір жылдары Қазақстанның солтүстігінде боранды күндер саны айына 5-7 рет болады.

Сәуір наурыз айымен салыстырғанда қатты желді күндердің саны азаяды және орта есеппен 3-7 рет байқалады, ең көп саны айына 5-10, кей жерлерде 15-18-ге дейін жетеді.


**Сәуір айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні.
(норма 1991-2020 жж.)**

Облысы	ауа температурасы, °C	жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+7,4...+10,8	20...25
Атырау облысы	+10,2...+11,7	16...21
Маңғыстау облысы	+11,4...+13,7	14...21
Ақтөбе облысы	+5,5...+11,0	15...32
Қостанай облысы	+4,1...+8,7	12...27
Солтүстік Қазақстан облысы	+4,2...+5,6	19...30
Ақмола облысы	+3,6...+6,5	17...28
Астана қ.	+6,5	22
Павлодар облысы	+5,2...+7,2	15...25
Қарағанды облысы	+7,4...+10,9	11...20
Ұлытау облысы	+5,1...+10,8	8...30
Абай облысы	+5,2...+10,7	14...34
Шығыс Қазақстан облысы	-0,6...+9,2	17...60
Қызылорда облысы	+11,8...+14,7	11...22
Түркістан облысы	+6,0...+16,0	17...123
Шымкент қ.	+14,0	74
Жамбыл облысы	+9,4...+13,2	15...69
Алматы облысы	-1,0...+13,3	11...157
Алматы қ.	+12,1	112
Жетісу облысы	+6,5...+13,8	7...91


2026 жылдың сәуір айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Сәуір айында бір айдағы ауаның орташа температурасы республика аумағының басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, Абай облысының оңтүстік-шығысында, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы таулы және тау бөктеріндегі аудандарда *норма шамасында* болады деп күтіледі.

2026 жылдың сәуір айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Сәуір айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)




2026 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Сәуір айында жауын-шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Ақтөбе облысының батыс жартысында, Түркістан, Жамбыл облыстарының оңтүстігінде, Алматы, Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік-шығыс жартысында, Абай облысының қиыр оңтүстік-шығысында *нормадан көп* болады деп күтіледі.

2026 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Сәуір айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма 1991-2020 жж)



2025 жылдың сәуір айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстік жартысында $+5+10^{\circ}\text{C}$, батысында және оңтүстік жартысында $+11+16^{\circ}\text{C}$, еліміздің қиыр шығысында $0,+4^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі.


2026 жылдың сәуір айындағы күтілетін орташа айлық ауа температурасы




Жыл - аналогы 2010

Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Қарағанды облысы




Ұлытау облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|--|--|----------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нәсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | жаңбыр | | найзағай |
| | ылғалды нәсерлі | | Кей жерлерде
желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | нәсерлі жаңбыр | | | | |
| | шаңды дауыл | | | | |
| | көк тайғақ | | | | |
| | тұман | | | | |
| | бұрқасын | | | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы сәуір айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+8,4+11,8^{\circ}\text{C}$, болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+7,4+10,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 20-25 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,7+14,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+11,4+13,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$, жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 14-21 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндікте жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,5+12,0^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,5+11,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың батыс жартысында нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 15-32 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші, үшінші онкүндіктердің басында және соңында күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+5,1+9,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+4,1+8,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы төмендейді.

Екінші онкүндікте басында ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 12-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, жаңбыр - бірінші, үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+5,4+6,6^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+4,2+5,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте басында ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында, ауа температурасы түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 19-30 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, жаңбыр - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктағақ бірінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші, екінші онкүндіктердің соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің соңында, айдың екінші жартысында жиі болжанады.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+4,7+7,5^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+3,6+6,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 17-28 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ең соңында, жаңбыр - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,5+8,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,2+7,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 15-25 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр, найзағай - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+8,4+11,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+7,4+10,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы біртіндеп төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 11-20 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші, екінші онкүндіктердің ортасында, жаңбыр - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман айдың басында және соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,1+11,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,1+10,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 8-30 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, жаңбыр екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Найзағай айдың ортасында болуы мүмкін.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,2+11,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: $+5,2+10,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $-14-19^{\circ}\text{C}$, $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $0,-5^{\circ}\text{C}$, $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $-14-19^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -6°C -тан 0°C -қа дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$, ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, қиыр оңтүстік-шығысында *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 14-34 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, жаңбыр, найзағай үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел $15-20\text{ м/с}$ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндікте жиі болжанады.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,6+9,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, солтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары* (норма: $-0,6+9,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында, таулы аудандарында *түнде* $-19-24^{\circ}\text{C}$ -тан -14°C -қа дейін, *күндіз* -7°C -тан -2°C -қа дейін, ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында, таулы аудандарында *түнде* -9°C -қа дейін, *күндіз* $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында, таулы аудандарында $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан көп*, солтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтіледі (норма: 17-60 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр, найзағай - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қызылорда облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $+12,8+15,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+11,8+14,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте басында ауа температурасы түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 11-22 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Найзағай айдың ортасында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Түркістан облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $+6,0+16,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл норма шамасында (норма: $+6,0+16,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде 0°C -қа дейін, күндіз $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте басында ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18^{\circ}\text{C}$ дейін, одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында күндіз $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+20^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде норма шамасында (норма: 17-90 мм), облыстың оңтүстігінде нормадан көп болады деп күтіледі (норма: тау бөктеріндегі аудандарда 64-123 мм).

Жаңбыр бірінші, екінші онкүндіктерде, үшінші онкүндіктің соңында жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында, айдың екінші жартысында жиі болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Жамбыл облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $+10,4+14,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* (норма: $+9,4+13,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында* (норма: 15-50 мм), облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 48-69 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұршақ айдың ортасында болуы ықтимал. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,1+13,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, оңтүстік-шығыс жартысында *норма шамасында* (норма: $-1,0+13,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың таулы аудандарында *түнде 0°C -тан -6°C -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* ауытқуы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі болжанады. Облыстың таулы аудандарында ауа температурасы *түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* жоғарылауы болжанады, онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ең басында ауа температурасының *түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* жоғарылауы, онкүндіктің ортасында ауа температурасы *түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* күрт жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында, ауа температурасы *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың таулы аудандарында *түнде 0°C -қа дейін, күндіз $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін* төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батыс жартысында *норма шамасында*, оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 11-51 мм, тау және тау бөктеріндегі аудандарында 32-157 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің екінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с айдың екінші жартысында жиі күтіледі.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+7,7+13,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: $+6,5+13,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте басында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік-батыс жартысында *норма шамасында*, оңтүстік-шығыс жартысында облыстың *нормадан көп* болады деп күтіледі (норма: 7-34 мм, тау және тау бөктеріндегі аудандарында 38-91 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы ықтимал. Бұршақ айдың ортасында болуы мүмкін. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с екінші, үшінші онкүндіктерде жиі күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz